

**Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесін бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № 288 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 қыркүйекте 8728 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 120 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 27.02.2015 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 20 қаңтардағы Заңының 13-бабының 3-тармағына

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесі бекітілсін.

2. «Біліктілік емтиханын қабылдау және сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізуге құқық беретін сот сарапшысының біліктілік куәлігін беру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 16 наурыздағы № 113 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6837 тіркелген, 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 134-137 (26539) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Имашев*  
Қазақстан Республикасының  
Әділет министрінің  
2013 жылғы 29 тамыздағы  
№ 288 бұйрығымен  
бекітілген

## **Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесі**

1. Осы Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 20 қаңтардағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 13-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Біліктілік емтиханын тапсыру үшін сот сараптамасы біліктілігін алғаш рет алуға үміткер адам және қосымша сарапшылық мамандықты алуға үміткер адам Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органына мына қ ұ ж а т т а р д ы :

- 1) е р к і н н ы с а н д а ғ ы а р ы з ;
- 2) ж е к е к у ә л і к т і ң к ө ш і р м е с і н ;
- 3) жоғары білімі туралы дипломның көшірмесін (ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы бар болса – дипломдардың көшірмелерін)(салыстыру үшін түпнұсқа берілмеген жағдайда нотариалды куәландырылған);
- 4) арнайы кәсіптік даярлықтың қорытындысы бойынша пікір;
- 5) арнайы кәсіптік даярлықтан өткендігі туралы есеп;
- 6 ) ө м і р б а я н ;
- 7) екі фотосурет (өлшемі – 3x4) ұсынады.

3. Біліктілік емтихандары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органының басшысы бекіткен кестеге және жоспарға сәйкес жү р г і з і л е д і .

4. Сот сараптамасы біліктілігін алғаш рет алуға үміткер адам және қосымша сарапшылық мамандықты алуға үміткер адам біліктілік емтиханын тапсыратын күн туралы біліктілік емтиханын қабылдаудан бір ай бұрын хабардар етіледі.

5. Біліктілік емтихандары 2 кезеңде үміткердің таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі:

1) қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу құқығы, криминалистика, әкімшілік құқық, Заң бойынша компьютерлік тестілеу нысанындағы білімін тексеру. Аталған кезең сот сараптамасы біліктілігін алғаш рет алуға үміткер а д а м д а р ү ш і н жү р г і з і л е д і .

Егер дұрыс жауаптардың саны қойылған сұрақтардың жалпы санының 70 және одан да көп %-ын құраса, сот сараптамасы біліктілігін алғаш рет алуға үміткер адам тестілеуден өтті деп саналады. Тестілеу уақыты 90 минуттан а с п а й д ы ;

2) сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша білімін тексеретін емтихан билеттерге үш сұрақ кіреді.

Екі және одан да көп сұрақтарға дұрыс жауап берген кезде, сот сараптамасы біліктілігін алғаш рет алуға үміткер адам және қосымша сарапшылық мамандықты алуға үміткер адам емтиханнан өтті деп саналады.

Тестілеу нәтижесі теріс болған жағдайда, сот сараптамасы біліктілігін алғаш рет алуға үміткер адам біліктілік емтихандарының екінші кезеңіне жіберілмейді.

6. Біліктілік емтихандарын тапсыру кезінде үміткердің көмекші құжаттарды (анықтамалық, арнайы әдебиеттерді), сондай-ақ аудиожазбалар мен байланыс құралдарын пайдалануына жол берілмейді.

7. Сот сараптамасының белгілі бір түрі бойынша сот сарапшысының біліктілігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) дауыс беру нәтижесі бойынша беріледі.

8. Нәтижелері біліктілік емтиханын тапсырған күні жарияланады және Комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

9. Комиссия 15 жұмыс күні ішінде біліктілік емтиханынан өткен үміткерге осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысының біліктілік куәлігін (бұдан әрі – біліктілік куәлігі) береді. Қосымша сарапшылық мамандықты алу кезінде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік куәлігіне қосымша бір ай ішінде рәсімделеді.

10. Комиссия теріс шешім қабылдаған жағдайда, біліктілік емтиханын қайта тапсыруға 3 айдан кейін жол беріледі.

Сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу құқығына сот сарапшысы біліктілігін беру үшін біліктілік емтихандарын қабылдау ережесіне 1-қосымша нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ СОТ САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА  
СОТ САРАПШЫСЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК КУӘЛІГІ № \_\_\_\_\_**

Осы куәлік \_\_\_\_\_ берілді  
( Т . А . Ә . )

себебі, оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі біліктілік комиссиясының 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ шешімімен

---

---

мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігі берілді.

М . О .

БІЛІКТІЛІК  
КОМИССИЯСЫНЫҢ

ТӨРАҒАСЫ

ХАТШЫ

Астана қ. 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ Тіркеу № \_\_\_\_\_

Сот сараптамасының белгілі  
бір түрін жүргізу құқығына сот  
сарапшысы біліктілігін беру үшін  
біліктілік емтихандарын қабылдау  
ережесіне 2-қосымша  
нысан

**№ \_\_\_\_\_ сот сараптамасын жүргізу құқығына  
сот сарапшысының біліктілік куәлігіне қосымша**

---

---

берілді

(Т.А.Ә.)

себебі, оған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі біліктілік комиссиясының 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ шешімімен

---

---

мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу құқығымен сот сарапшысы біліктілігі берілді.

М . О .

БІЛІКТІЛІК  
КОМИССИЯСЫНЫҢ

ТӨРАҒАСЫ

ХАТШЫ

Астана қ. 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ Тіркеу № \_\_\_\_\_